

Тебегенова Алтынарай Темірханқызы

филология ғылымдарының кандидаты (PhD),

Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті, «Қазақ тілі және орыс тілі»
кафедрасының меңгерушісі

Тойгулиева Айгүл Бақытжанқызы

Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті, «Қазақ тілі және орыс тілі»
кафедрасының аға оқытушысы

***Олжас – жалпытүркілік ата-бабалар қалыптастырған киелі
ұстанымдарды, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды,
азаматтық-отаншылдық, қаһармандық-жауынгерлік рух
сарындарын қайта жаңғырта жырлаушы ақын***

АНДАТПА

Мақалада қазіргі заманғы көрнекті ақын Олжас Сүлейменов поэзиясындағы қазақ даласының пейзаждық көріністері жырлануының поэтикалық ерекшеліктері мәтіндік талдаулармен саралана қарастырылған. Ұлы Дала табиғатының бояулары мен дыбыстары тұтасқын келбетіндегі ұлттық болмыс сипатының романтикалық-реалисттік тұтастықпен жырлануы ақын өлеңдеріндегі көркем бейнелеулерімен дәйектеле бағаланған. Ақын өлеңдерінде ұлттық-этнографиялық, тұрмыстық-әлеуметтік өмір шындығының, көшпелілер тұрмысындағы мәдени-танымдық ұстанымдардың, табиғат ортасындағы тіршілік ортасының жырлауындағы отаншылдық көзқарастар жүйеленген. Ақын поэзиясындағы Ұлы Даладағы құмды төбелердің, қалың ормандардың, өсімдікті далалардың, биікте самғаған қырандардың, кеңістікті дүбірлете шапқан тұлпарлардың, ағысты өзендердің, биік таулардың бейнеленуіндегі романтикалық сарындарға баға берілген. Ақын поэзиясындағы Ұлы Дала кеңістігінің ата-бабалардан кейінгі ұрпақтарға қалдырған мұрасы екендігі бағаланған. Ақын поэзиясындағы лирикалық қаһарманның көркем ойлау психологиясын танытатын сөздердің, сөз тіркестердің қолданылуындағы поэтикалық ерекшеліктер ғылыми-теориялық талдаулармен тұжырымдалған.

Кілт сөздер: пейзаждық суреттеулер, ұлттық болмыс, көркем ойлау психологиясы, түркілік дүниетаным, рухани жаңғыру, Мәңгі Ел, ғалым-ақын.

АННОТАЦИЯ

В статье анализируются поэтические особенности изображения пейзажей казахской степи в поэзии выдающегося современного поэта Олжаса Сулейменова с анализом текстов. Цвета и звуки природы Великой Степи, воспевание природы национального самосознания в целостной форме с

романтико-реалистическим единством последовательно оцениваются художественными изображениями поэта. В стихах поэта систематизированы патриотические взгляды на национально-этнографические, бытовые реалии, культурно-познавательные основы кочевого быта, гимны окружающей среды. Поэзия оценивает романтические мотивы в изображении песчаных холмов Великой Степи, густых лесов, растительных степей, высоко летящих орлов, ревущих над пространством тулпаров, текущих рек, высоких гор. В поэзии поэта изображается, что Великая Степь - это наследие, оставленное потомкам. На основе научно-теоретического анализа сформулированы поэтические особенности употребления слов и словосочетаний, отражающих психологию художественного мышления лирического героя в поэзии поэта.

Ключевые слова: описания ландшафта, национальная идентичность, психология художественного мышления, тюркское мировоззрение, духовное возрождение, ученый-поэт.

ABSTRACT

The article analyzes the poetic features of the Kazakh steppe landscape in the poetry of the modern poet Olzhas Suleimenov with an analysis of the texts. The colors and sounds of the nature of the Great Steppe, the growth of the nature of national self-consciousness in its pure form with romantic-realistic unity are subsequently appreciated by the artistic images of the poet. The poet's poems systematize patriotic views on national-ethnographic, everyday realities, cultural and cognitive foundations of nomadic life, glorification of the environment. Poetry appreciates romantic motives in the image of the sandy hills of the Great Steppe, dense forests, vegetative steppes, tall flying eagles roaring over the space of tulpars, flowing mountains, high mountains. In the poet's poetry, it is believed that the Great Steppe is a legacy left by descendants. On the basis of scientific and theoretical analysis, poetic features of the use of words and phrases are formed, reflecting the psychology of the artistic thinking of the lyric hero in the poet's poetry.

Key words: landscape description, national identity, psychology of artistic thought, Turkish worldview, spiritual revival, scientist-poet.

Олжас ақынның өлеңдерінде қазақ даласының пейзаждық суреттері де романтикалық-реалистік бейнелеулер тұтастығымен бейнеленген: «Алма», «Қара ағаш», «Адресім-Азия» топтамасындағы өлеңдер («Аптап», «Аққұба қыс», «Ақ боранға – ақ қыраулы еріме», «Нөсерге самолеттен қарағанда», «Қыстауға көшу», «Жаз түнінің тот басып Нұр-қанжарын», «Табиғат суреті», «Басын алған таулардың мәні – дала», «Құмның түні», «Ойхой, нөсер!», «Дәл

ақпанда нөсер шығып», «Сентябрь – сұлу», «Ақ толқындай ақ бас тау түстігінде», «Дауылдан кейінгі теңіз таңы», «Шөлдегі жыр», «Ыстық көл», т.б.

Ақын қазақ даласының өзіндік табиғатына тән бояулары мен дыбыстары тұтастығымен өрілген келбетіне тән ұлттық болмысын реалистікпен суреттеген:

Айқай, дала,
Алыс құм –
Тыныштықтың бөстегі.
Кепкен сайда
Қамыстың
Естіледі ескені.
Бал қауынның сөл жиған
Қалыңдайды жаясы.
Гүлдейді өксіп
Көк жиһан
Сексеуілдің саясы [1, 282-б.].

«Табиғат суреті» өлеңіндегі бейнелеулерден көркем ойлаудың шеберлікке негізделген болмысын танимыз:

...Бүкіл орман тынып қалған шошымай.
Сәскедегі алагеуім,
Досым-ай.
Буырқанған тасқын-селдің алдында
Буланып жер жатушы еді-ау осылай
...Күлімдейді көк аспанның жалғызы,
Аңқиды кеп жақын сайдың жалбызы.
Нажағайдың бұтағында жұмыр бұлт
Салбырайды,
Алмадай бір алқызыл [1, 75-б.].

Қазақ халқының рухани құндылық қазынасы - ұлттық-этнографиялық, тұрмыстық-әлеуметтік өмірі. Олжас ақынның өлеңдеріндегі көшпелілер мәдениетіне тән табиғат ортасы, тіршілік иелері (құмды, орманды, өсімдікті далалар, қырандар, тұлпарлар, ормандар, өзендер, биік шынды таулар, т.б.), қазақ ауылының жыл мезгілдеріндегі тұрмысы, т.б. – бәрі де романтикалық-реалистік суреттеулермен өрнектелген:

Домбырасын қасып шертіп ақырын,
Махаббатты жырлайды қарт ақының.
Бауырына қысып алған шаңырақ,
Уық біткен қосылады жамырап,
Тентек лақ домалатып көнекті,
Белдеудегі ат жолатпайды төбетті.

Қыпшақтардың арманы мен ұраны –
Ырғағынан жаңылмайды қыр әні.
Айтқан сайын ағыл-тегіл туып ән,
Тегештегі ет күте-күте суыған.
Болар тойды сезіп-біліп қойғандай.
Бейуақытта маңыраған қой қандай!
Сор маңдай! [1, 44-45-бб.].

Олжас – жалпытүркілік ата-бабалар қалыптастырған киелі ұстанымдарды, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, азаматтық-отаншылдық, қаһармандық-жауынгерлік рух сарындарын қайта жаңғырта жырлаушы ақын және зерттеуші ғалым. Ақынның «Азия алаулары» атты өлеңіндегі түркі өркениеті дәуіріндегі адамдардың тәнін де, жан ділін де сауықтыру, серпілдіру, жігерлендіру қуатын дарытумен, сауықтырумен айналысқан киелі тұлғалар – бақыстар бейнесін деректі тарихнама мен көркем шындық жинақтау сарындары тұтастығымен бейнелеп («Елдің қамын ойлап жайсаң-жақсылар, талай-талай болды кездер бақ сынар. Шарапатты шаруа үшін гәп үшін түн жамылып жүрген жоқ па бақыстар») жырлады:

...Күндізгідей жарқыратып үй алдын,
От-алауға табынды жұрт,
Жұбанды.
Сол бақыстар емес пе емдеп үйреткен
Отқа қақтап
Жел-құзыңды,
Құяңды.
Бақыстардан – табынғаның От-Күнге,
Бақыстардан – бидай, тары ектің бе?
Бақыстардан – күй мен би де әдемі,
Бақыстардан – дәмі піскен еттің де.
Сол бақыстар – тас тапқандай бүйректен,
Алмас іздеп сұлделерін сүйреткен.
Сол бақыстар – құрбандыққа шалынып,
Өрт ішінде басқаларды үйреткен.
Сол бақыстар - ой-сезімді түлеткен,
Сол бақыстар – елге өнерді құл еткен.
Кереңдерден Бетховендер тудырып,
Гомерлерді тудырған да түнектен.
Талқан қылып тау мен тасты,
Қыранды,
Сахараны,

Сай-саланы,
Жыраңды,
Солар тапқан кен ішінен көл-көсір
Мысқал-мысқал Талмуд пенен Құранды,
Олар бәрін Сіздер үшін тұтынды [2, 148-149-бб.].

Олжас Сүлейменов – қазақ өркениетінің басты рухани құндылығы болып саналатын ата-бабалар дүниетанымының тереңдіктерін, көркем ойлау болмысын қалыптастыру-сақтау қазынасы ұлттық әдеби тіл өрнектерін поэзиясында мол қолданған ақын. Оның жарық көрген кітаптарындағы байырғы ата-бабалар қолданысы арқылы қалыптасқан кейінгі дәуірлердегі қолданысы ұмытылмаған сөздерді, сөз тіркестерін лирикалық және эпикалық шығармаларында («Адамға табын, Жер, енді!», «Терезеден телміріп», «Құмырсқа», «Қыш кітап», т.б.) поэтикалық-мағыналық үйлесіммен қолдануы – рухани құндылықты ұлықтаудың жарқын үлгісі. Әрине, бұл арада Олжас Сүлейменовтің поэзиясын қазақшаға аударған Қадыр Мырзалиевтің шығармашылық шеберлігін де атап айтамыз. Олжас ақынның қазақы ойлау дүниетанымын айғақтайтын ұлттық-этнографиялық болмысымызға тән сөздерді, сөз тіркестерін қолдануын айқын танытудағы суреткер Қадырдың өзінің де дала келбетінің суреткер жыршысы болғандығы ықпал еткені ақиқат.

Сонымен, Олжас ақын поэзиясындағы қазақы ойлауға тән сөздер мен сөз тіркестерінің бірқатарын айтамыз: «Арғымақ», «Құрыш, болат тұяқ», «Жылқылардың сауыры», «Жортып өскен тағы түздің тағы аңы», «Қызыл күрең қақ тұрған», «Боз жусанға қаны ағып», «Қойлы ауыл», «Буып салды қыл шылбыры үрейдің», «Соғады тек жаяу ғана борасын», «Бір мүшелге толған жоқпын мен әлі», «Өзі едім мен, тамбай кеткен жауынның», «Қалған үйдей кенеттен ошағы өшіп», «Жылдар ағып жатыр бірге бұлақпен», «Күлігімді құрбандыққа шаламын», «Айран ашып төгіледі сабадан», «Уа, аруақ!... Қан майданда жебей гөр!», «Домбырасын қасып шертіп ақырын махабатты жырлайды қарт ақының», «Бауырына қысып алған шаңырақ, уық біткен қосылады жамырап», «Қазағым менің қыр құмар», «Адресім – Азия», «Қыз қуу», «Болар-болмас Атыраудың толар-толмас ожауы», «Желіні тас безге айналған бедеу бұлтта жоқ жүйе», «Қысыр қалған қатпа қырат, қашақ бұлтқа сол жиен», «Жас келіншек десек жерді, жаңбыр-кәрі күйеуі», «Жап-жасыл жайлаудың қызығы біткені, қанекей, қыпшақтар, үй жықсын ұл-қызың...», «Сұлтан болып жүргенше бір жат елде, өз елің де ұлтан боп өл өлсең де!», «Дала – таудың рухы», «Бозарады сексеуіл, ісіп-кепкен құла құмды көресің», «Жер мен Көктің үйленуі – бұл нөсер», «Дала десе, тұлпар десе жоқ сабыр, бауырында бір уыс боп жатса қыр», «Дулы дала. Жұлдызды көк төбеңнен төңкерілген шұрқ тесік ұқсайды дулығаға», «Көбеген қозы», «Ол – Қарабас

нағыз қырдың түлегі. Қыр боп жылап, қыр болып ол күледі», «Сұңқар, бүркіт – түздің екі түймесі», «Һайям болып жетер ме едім мұратқа, Хафиз болып жазар ма едім бір апта, Махамбетше айналар ма ем шыраққа, жақсы жырлар шығып біткен бірақ та!», «Арманымдай аяулы тал боп шығар, Қарақұмға қалдырайын өтімді», «Көшкен елге түз дайын, аспан дайын. Қия құзды қақ жарып өскен қайың», т.б.

Олжас Сүлейменов – түркітанушы ғалым-ақын. Оның «Игорь жасағы туралы жырдың» құрылысындағы түркі сөздеріне және жырдың тарихи негіздеріне байланысты жаңашыл пікірлері «Аз и Я» кітабында жазылғандығы мәлім. Ал, «Атам заманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер)» атты көлемді кітабында ежелгі түркі тілдері мен жазуының пайда болуы хақында да қазіргі заманғы өзекті мәселелерге (түркітану мен славянтану сабақтастығы, түркі руникасы және басқа да жазулар т.б.) өзіндік ғылыми-танымдық талдаулар жасады.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қазіргі рухани жаңғырудағы жаңа тарихында көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Омарұлы Сүлейменовтің рухани құндылықтарымызды ұлықтаған поэзиялық шығармалары мен ғылыми-танымдық еңбектері – Мәңгі Ел дамуы бағдарындағы ұрпақтарымыз үшін маңыздылық қасиетімен басты назарда бағаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сүлейменов О. Ән күн – арайлы таң: Өлеңдер мен поэмалар / Ауд. Қ.Мырзалиев. – Алматы: Жазушы, 1986.-480б.; 6-б.
2. Сүлейменов О. Таңдамалы туындылар: Өлеңдер /Ауд. Қ.Мырза Әли. – Алматы: Жібек жолы, 2005.-368б.